**Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 27 шілдедегі N 325 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6407 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істері министрінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 939 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істері министрінің 18.11.2015 № 939 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 60-бабын орындау үшін БҰЙЫРАМЫН:

1. Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тыл департаментінің бастығы осы бұйрықты Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *С. Баймағанбетов*

*«Келісілді»*
*Қазақстан Республикасының*
*Денсаулық сақтау министрі*
*_____________ Ж. Досқалиев*

*2010 жылғы 27 шілде*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2010 жылғы 27 шілдедегі
№ 325 бұйрығына
1-қосымша

**Ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік**
**сараптама өткізу жөніндегі нұсқаулық**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әскери-дәрігерлік сараптаманы «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 60-бабына, « Әскери-дәрігерлік сараптама өткізу ережесін және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44 қаулысына (бұдан әрі - Ереже), «Адамдардың ішкі істер органдарындағы қызметке денсаулық жағдайының сәйкестігіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 132 бұйрығына (бұдан әрі - Талаптар) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6175 болып тіркелген) сәйкес қызметке және құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына оқуға үміткерлердің, құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, құқық қорғау органдарының арнайы ( әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялар (бұдан әрі - ӘДК) жүргізеді.

2. Толық құрамды штаттық ӘДК-нің жүктемесі бір жылда екі жарым мыңнан аспайтын медициналық куәландыруды құрайды, ӘДК-нің бір дәрігер-маманының бір жұмыс күнінде куәландырған адамдарының саны зерттеулерден кейін келген адамдарды ескере отырып, бейбіт уақытта 25 адамнан, ал құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарында түпкілікті куәландыру кезінде және соғыс уақытында 50 адамнан аспауы тиіс.

## 2-тарау. Медициналық куәландыру

3. Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес әскери-дәрігерлік комиссияға медициналық куәландыруға құқық қорғау органдарының, сондай-ақ әскери прокуратураның, анықтау және тергеу органдарының кадр қызметтері:

құқық қорғау органдарындағы қызметке;

арнайы (әскери) оқу орындарына оқуға түсуге;

құқық қорғау органдарында одан әрі қызмет өткеруге жарамдылығын айқындау үшін жүргізеді.

Кадр қызметтері әскери қызметке түсуші азаматтардың әскери билеттері мен әскери тіркеу куәліктерін зерделейді және олар әскери (саптық) қызметке жарамды болып әскери есепте тұрған жағдайда ғана ӘДК-ге жібереді.

4. Жолдама ӘДК-де куәландыру үшін берілген күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жарамды.

5. Ведомстволық медициналық мекемеде (бөлімшеде) емделудегі қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда ауыр созылмалы аурулар, айқын функциялық бұзылулары бар зардаптар, қолайсыз болжамдар анықталған жағдайда медициналық мекемелердің (бөлімшелердің) бастықтары көрсетілген адамдарды ӘДК-ге медициналық куәландыруға жіберудің мақсатқа сай болуы туралы еркін түрде жазылған анықтамамен кадр қызметтеріне хабарлайды.

6. Адамдарды куәландыруды ішкі істер органдары ӘДК дәрігер-мамандары: офтальмолог, отоларинголог, невролог, хирург, терапевт, психиатр, дерматовенеролог, стоматолог, әйелдер үшін қосымша - гинеколог жүргізеді.

Куәландырылушылар тексерілу (консультация) үшін басқа дәрігер-мамандарға жіберіледі.

Куәландыру кезінде кеуде қуысы органдарын флюорографиялық ( рентгенологиялық) зерттеу, қанды клиникалық толық талдау, зәрдің жалпы ( толық) талдауы, қанды адамның қорғаныш тапшылығы жұқпасына талдау (бұдан әрі - АҚТЖ), мерез ауруына серологиялық реакция, құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсетін және 30 жастан асқан адамдарға тыныштықта және жүктеме кезінде электрокардиографиялық зерттеу, 40 жастан асқан адамдарға көз ішінің қан қысымын өлшеу, функциялық және зертханалық зерттеулер (әйел адамдар үшін тазалық дәрежесіне жағындыны зертханалық тексеру) жүргізіледі.

Өз құрамында психофизиологиялық зертханасы, психофизиологиялық тобы ( бұдан әрі – ПФЗ, ПФТ) бар ӘДК осы Нұсқаулыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жетекші мамандықтағы сарапшы дәрігерлердің медициналық куәландыруынан кейін мына контингенттерге:

қызметке түсетін азаматтарға;

әскери қызметке түсетін азаматтарға;

құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсетін адамдарға;

қызмет бойынша, оның ішінде жоғары тұрған лауазымға ауысу, ұзақ уақытқа шетелдік іссапарға шығу кезінде құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына;

емхананың психиатрында диспансерлік есепте тұрған құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына оның жолдамасы бойынша міндетті психодиагностикалық зерттеу жүргізеді.

Куәландырушыларға тест тапсырмалары мен нұсқаулықтар мемлекеттік немесе ресми тілдерде беріледі.

Функциялық диагностика дәрігерінің психофизиологиялық зерттеуіне:

арнайы автомотокөлік жүргізушілері лауазымына түсетін адамдар;
жедел қызметке түсетін адамдар;
Талаптардың екінші бағаны бойынша куәландырылатын адамдар жатады.

Назардың, естің, эмоциялық тұрақтылықтың функциялық диагностика нәтижелері және орталық нерв жүйесі функциялық жай-күйінің, кардиореспираторлық жай-күйдің, вестибуляторлық аппараттың басқа да ерекшеліктері, сондай-ақ құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылықтар жасауға бейімділік кадр аппаратына арналған психологиялық мінездемеде көрініс табуы тиіс.

Қызметке қабылданатын, оқуға түсетін кандидаттарды, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды психодиагностикалық зерттеу зияткерлік өнімділігін анықтауға, кандидаттың оның қызметтік міндеттерін, әскери қызмет міндеттерін орындауға оң да, теріс те әсер етуі мүмкін зерттелушілердің мінез-құлқының (жеке тұлғаның) негізгі белгілері мен ерекшеліктерін анықтауға бағытталған.

Психологиялық мінездемелерде қызметке (оқуға) түсу себептері, зияткерлік деңгейі мен ерекшеліктері, өзін өзі бағалауы, коммуникативтік қасиеттері, эмоциялық-ерік қасиеттері, жеке тұлғаның бағыттылығы (әлеуметтік және мінез-құлық бағдары), жеке басының басқа да қасиеттері (интердербес қарым-қатынастар жүйесі, түрлі жағдайлардағы мінез-құлық реакциялары) жазылады.

Көрсетілген қорытындылар ұсынымдық сипатқа ие және кандидаттың жеке психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерінің қызметтің немесе оқудың негізгі түрлеріне психологиялық жарамдылық өлшемдеріне сәйкес келу дәрежесін ескеруі тиіс. Психофизиологиялық және психологиялық зерттеулердің деректері бойынша кандидаттың кәсіби жарамдылығында елеулі қайшылықтар болған жағдайда қорытынды функциялық диагностика дәрігерінің, психологтың және ПФЗ бастығының қатысуымен комиссиялы түрде белгіленеді.

Психологиялық мінездеме осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру туралы анықтамаға енгізіледі.

Құқық қорғау органдары бөліністерінің, арнайы (әскери) оқу орындарының кадр аппараттарына кандидаттың толық психологиялық мінездемесін (арнайы психологиялық терминологияны пайдаланбай) қамтитын егжей-тегжейлі қорытындылар және қызметтің нақты түріне оның кәсіби жарамдылығы туралы мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

«Ұсынылады» (көзделген лауазым талаптарына толық сәйкес келеді) деген қорытынды қысылтаяң жағдайларды қоса алғанда алдағы қызметтің жағдайлары мен сипатына оңтайлы бейімделуін қамтамасыз ететін жеке ерекшеліктері анықталған адамдарға қатысты шығарылады. Бұл адамдар үшін қызметтің

табысты болуы және ауытқымалы (нормадан тыс) мінез-құлықтың немесе кәсіби аурулардың дамуының төмен ықтималдылығы болжанады. Олардың жедел-қызметтік жұмысының тиімділігі мен сенімділігі негізінен қазіргі кәсіби даярлығының деңгейімен немесе тұрақты кәсіби дағдылардың пайда болуымен айқындалады.

«Ұсынылмайды» деген қорытынды:

жеке ерекшеліктері тіпті сапалы кәсіптік даярлығы және қызметке деген жоғары мотивациясы болған кездің өзінде ұдайы шамадан тыс жүктеменің болуынан функционалдық резервтерінің тез түгесілуіне байланысты көзделген лауазымдағы немесе оқудағы қызметтік табысын сенімді болжауға мүмкіндік бермейтін адамдарға;

аурулардың дамуының жоғары ықтималдылығымен айқын дезадаптация белгілері, қызметке немесе оқуға қанағаттанарлықсыз мотивациясы, жеке басының теріс ерекшеліктері, мінез-құлықтың әлеуметке жат нысандары бар адамдарға;

кәсіби маңызды психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерінің деңгейі төмен, функциялық жүйелерінің резервтері төмендеген адамдарға қатысты шығарылады.

ПФЗ бастығы, сарапшы психологтар, функциялық диагностиканың сарапшы дәрігері жоғары психологиялық немесе медициналық білімі, психология бойынша дайындығы бар сарапшы мамандар болып табылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 30.09.2013 № 580 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.09.10 № 601 (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Медициналық куәландыру үшін штаттық ӘДК-де: қызметке түсетін азаматтарға, құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерге, ұзақ уақытқа шетелдік іссапарларға шығу кезінде, құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының отбасы мүшелеріне осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру актісі;

құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсетіндерге – осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқуға түсушінің медициналық куәландыру картасы толтырылады.

8. Штаттық емес тұрақты жұмыс істейтін ӘДК медициналық куәландыру актісін толтырмайды. Өз қорытындыларын госпитальдік ӘДК стационарлық науқастың медициналық картасына, гарнизондық ӘДК – амбулаторлық науқастың медициналық картасына немесе әскери қызметшінің медициналық кітапшасына енгізеді.

## 1. Құқық қорғау органдарына қызметке түсуші азаматтарды медициналық куәландыру

9. Қызметке түсушілер медициналық куәландырудан өту үшін кадр қызметі ресімдеген жолдамамен бірге ӘДК-ге:

1) тұрғылықты жері, жұмыс, оқу немесе қызмет орны бойынша медициналық мекемелерден кемінде соңғы 5 жылдағы денсаулық жағдайын сипаттайтын амбулаторлық науқастың медициналық картасын, ал ол болмаған жағдайда – себептері (жоғалған, ашылмаған, келмеуіне байланысты және т.б.) көрсетілген анықтама;

2) ескіру мерзімі 3 айдан көп емес психоневрологиялық, наркологиялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы күрес диспансерлерден диспансерлік есепте тұрғаны туралы анықтамалар.

Анықтамалар мен үзінділер денсаулық сақтау ұйымдарының бланкілерінде ресімделеді және мөрлермен расталады, ӘДК-нің талап етуі бойынша толық көлемде ұсынылады.

Азаматтар ұсынған дәрігерлік анықтамалар мен денсаулық жағдайын немесе оның ауруының бар екенін сипаттайтын басқа да медициналық құжаттар оны қосымша тексерулерден босатпайды. Азаматты медициналық бақылау туралы мәліметтерге күмән туындаған жағдайда ӘДК оларды қосымша сұрау салулар арқылы нақтылайды.

Құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына қызметке түсуге жарамсыз деп танылған азаматтардың өтініші бойынша нәтижелерді жариялағаннан кейін медициналық тіркеуші қолдарына: амбулаторлық науқастың медициналық картасын және медициналық құжаттарын (егу картасын) қайтарады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 30.09.2013 № 580 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. ӘДК-де куәландыру сәтіне дейін 3 айдан аспайтын мерзімде жарамдылығы шектеусіз әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілер қатарынан қызметке түсетін азаматтар ұсынылған мерзімді қызметтегі солдаттардың медициналық кітапшаларында не офицерлік медициналық кітапшаларында медициналық бақылау туралы деректер болған жағдайда анықтамалар ұсынбайды.

11. Қызметке түсуші азаматтар зерттеу нәтижелерін зерттеуді жүргізген денсаулық сақтау ұйымдарының мөрлерімен расталған бланкілерде ұсынады.

Кеуде қуысының органдарын флюорографиялық зерттеу 6 ай бойы жарамды.

Медициналық көрсетімдер бойынша қосымша тексерулер жүргізілуі мүмкін.

12. Сараптама қорытындысы аурудың дәл диагнозына негізделген болуы тиіс.

Диагнозды аурулардың жалпы қабылданған жіктелуіне сәйкес тұжырымдау керек, онда аурудың этиологиясы мен патогенезін, нозологиялық нысанын, клиникалық-морфологиялық өзгерістерін, функциялық бұзылулардың сипаты мен дәрежесін, компенсация дәрежесін немесе куәландыру күніндегі аурудың сатысын, жүргізілген емнің сипаты мен нәтижелерін көрсету қажет. Алдымен негізгі ауру, мертігу көрсетіледі, содан соң негізгі аурумен этиопатогенетикалық байланысты аурулар, содан кейін Талаптардың тиісті баптарын қолдану үшін ӘДК-ге негіз беруіне немесе бермеуіне қарамастан, қалған барлық аурулар көрсетіледі.

13. ӘДК-де куәландыру барысында қызметке түсетін азаматтар аурудың диагнозын нақтылау немесе осы ауруды емдеу үшін олардың келісімімен ведомстволық медициналық мекемелерге, денсаулық сақтау ұйымдарына амбулаторлық, стационарлық тексеруге жіберіледі.

Тексеруден бас тартқан жағдайда қорытынды анықталған немесе болжалатын диагноз бойынша шығарылады.

14. ҚІД, ҚІБ, ҚІб жанындағы дәрігерлік комиссиялар жарамдылық санаты туралы қорытындыны қайта қараған, ауруы бойынша бұрын ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарынан, ішкі әскерлерден, Қарулы Күштерден босатылғандар, ауруы бойынша мерзімді қызметтен босатылғандар санынан қызметке түсетіндерді куәландыру кезінде ӘДК кадр аппараттары ұсынған әскери-есептік және медициналық сараптама құжаттарын зерделейді, қосымша тексерулер, негізгі ауруының бейіні бойынша жетекші мамандардың консультацияларын жүргізеді. ӘДК нақты лауазымдағы қызметке жарамды деп таныған көрсетілген адамдарға осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес қорытынды ресімделеді және тіркеледі. ӘДК-де қаралған медициналық сараптама құжаттарымен бірге медициналық куәландыру актісі, сондай-ақ анықтама бекіту үшін Орталық әскери-дәрігерлік комиссияға (бұдан әрі - ОӘДК) жіберіледі.

15. Автомотокөлік жүргізушілері лауазымына фельдъегерлік қызмет бөліністеріне қызметке түсетін азаматтарға, сондай-ақ Талаптардың екінші бағаны бойынша куәландырылушыларға вестибулярлық аппараттың; ал өртке қарсы қызмет бөліністеріне қызметке түсушілерге спирографиялық тексеру жүргізіледі.

16. Қызметке түсетіндерге қатысты қорытындылар «қызметке түсетіндер» бөлімі бойынша жолдамада көрсетілген қызмет (нақты лауазым, мамандық) түріне сәйкес келетін бағандардың бірі бойынша кесте тармақтарына сәйкес шығарылады. Соғыс уақытында қызметке түсетіндердің жарамдылығы туралы қорытынды «қатардағы және басшы құрам» бөлімі бойынша шығарылады.

17. Куәландыруға жолдамада көрсетілген лауазымда мамандығы бойынша қызметке түсетін азамат жарамсыз болған жағдайда кадр аппаратымен келісім бойынша ӘДК бір мезгілде денсаулығы үшін зиян келтірмейтін қызмет өткеру мүмкін болатын бөліністегі қызметке және қызмет түріне (нақты лауазымда, мамандығы бойынша) оның жарамды екені туралы қорытынды шығарады.

18. Куәландыру нәтижелері бойынша ӘДК-нің ақырғы қорытындысы медициналық куәландыру актісіне, әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабына және медициналық куәландыру туралы анықтамаға, қатардағы және басшы құрамдағы адамдар үшін қосымша амбулаторлық картаға жазылады. Куәландыру кезінде анықталған барлық аурулары мен дене кемістіктері сараптамалық маңызды ретінде көрсетіледі.

19. ӘДК Адамдардың ішкі істер органдарындағы қызметке денсаулық жағдайының сәйкестігіне қойылатын талаптардың бірінші, екінші бағандары бойынша қызметке жарамды деп таныған қызметке түсетін азаматтар кез келген климаттық жағдайларда қызмет өткеруге жарамды.

20. Егер азаматта қызметке түсуге кедергі келтіретін, мақсатты бағытталған оперативтік немесе консервативтік емдегенде жазылуы мүмкін ауру анықталған жағдайда «уақытша жарамсыз» деген қорытынды шығарылады. Куәландыру барысында сарапшы-дәрігер, маман куәландырылушыға ұсынылатын емнің мақсатқа сай екенін түсіндіреді. Осындай қорытынды қызметке түсушінің уақытша еңбекке жарамсыздығын тудыратын жіті ауру анықталған жағдайда да шығарылады.

21. Бұрын Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ӘДК әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп таныған адамдар медициналық куәландыруға жатпайды.

22. Медициналық куәландыру туралы анықтама ӘДК-де қорытынды шығарылған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей ресімделеді және медициналық куәландыру актісінің титул парағына белгі (күні, қолы, тегі анық жазылып, қызметтік куәлік нөмірі) қойылып, кадр аппаратының қызметкеріне беріледі.

Жарамдылық санаты туралы қорытындылар шығару үшін стационарлық және қосымша тексеру талап етілмейтін жағдайларда құқық қорғау органдарына қызметке түсетін адамдарды куәландыру 5 жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.09.2013 № 580 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 2. Құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсетін азаматтарды куәландыру

23. Құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсуге жарамдылығын анықтау үшін медициналық куәландырудан:
1) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары;
2) ішкі әскерлердің әскери қызметшілері;
3) мерзімді қызмет аяқталғаннан кейін запасқа босатылған азаматтар;
4) орта мектепті бітірген азаматтар өтеді.

24. Құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына күндізгі оқыту нысаны бойынша түсетін азаматтар, оның ішінде қатардағы және басшы құрамдағы адамдар, ІІМ Ішкі әскерлерінің және әскери-тергеу бөліністерінің (бұдан әрі – ІІМ ІӘ және ӘТБ) әскери қызметшілері алдын ала медициналық куәландыруды ішкі істер органдарының ӘДК-де және түпкілікті медициналық куәландыруды құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының Уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі - УӘДК) өтеді.

Алдын ала куәландыру нәтижелері медициналық куәландыру картасымен ресімделеді, денсаулық жағдайы бойынша арнайы (әскери) оқу орындарына түсуге жарамды деп танылған үміткерлердің карталары және амбулаторлық науқастың медициналық карталары ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында белгі жасала отырып (күні, қолы, тегі анық жазылып, телефон) кадр аппаратына беріледі.

Сырттай оқыту нысанына түсетін құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын куәландыру Ережеге және Талаптарға сәйкес жүргізіледі.

25. Алдын ала куәландыру басталғанға дейін ӘДК 5-тарауда санамаланған медициналық құжаттарды және сонымен қатар баланың медициналық картасын, егу картасын сұратады және зерделейді.

Үміткерлерге кеуде қуысы органдарына флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеу, қанды клиникалық толық талдау, зәрдің жалпы (толық) талдауы, мерезге, АҚТЖ-ға серологиялық реакциялар, электрокардиографиялық зерттеу, аурулардың шынайы диагностикасы үшін қажетті функциялық және зертханалық зерттеулер жүргізіледі.

Күндізгі оқыту нысанына түсетін құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары кемінде үш жыл бұрынғы медициналық тексеріс деректері бар амбулаторлық науқастың медициналық картасын ұсынады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 30.09.2013

№ 580 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсетін адамдарды куәландыруды ӘДК дәрігер-мамандар: терапевтің, хирургтің, невропатологтың, психиатрдың, офтальмологтың, отоларингологтың, дерматовенерологтың және стоматологтың міндетті тексеруімен жүргізеді. Әйелдерді гинеколог қарайды. Көрсетімдер болған жағдайда куәландырылушылар тексеру (консультациялар) үшін басқа мамандарға жіберіледі.

27. Алдын ала куәландыру кезіндегі тексеру деректері тиісінше медициналық куәландыру картасына енгізіледі.

Тексеру деректері толық болуы тиіс, жалпы қабылданған медициналық терминдерді қысқартуға ғана рұқсат етіледі.

28. Алдын ала куәландыру қабылдау емтихандарына дейін кемінде 4 ай бұрын жүргізіледі.

29. Күндізгі оқыту нысанына түсетіндерге ӘДК қорытындысы Талаптардың тиісті бағандары бойынша «оқуға түсетіндер» бөлімі бойынша шығарылады:

бірінші баған бойынша басқа барлық факультеттерге түсетін кандидаттарға;

екінші баған бойынша қорытындылар жол полициясы қызметінің, өртке қарсы қызметтің және ішкі істер органдары, басқа құқық қорғау органдары жедел қызметтерінің мамандарын дайындайтын факультеттерге түсетін кандидаттарға;

үшінші баған бойынша мемлекеттік өрт қадағалау мамандарын дайындайтын факультеттерге түсетіндерге шығарылады.

30. Үміткерлерде «оқуға түсетіндер» бөлімі бойынша Талаптардың тармақтарында жарамдылықты жеке бағалау көзделген аурулар немесе дене кемістіктері анықталған жағдайда олар түсуге жарамсыз деп танылады.

31. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында «қызметкерлер» бөлімі бойынша Адамдардың ішкі істер органдарындағы қызметке денсаулық жағдайының сәйкестігіне қойылатын талаптардың тармақтары бойынша саптағы немесе саптан тыс қызметке жарамдылық көзделетін аурулар болған жағдайда олар күндізгі оқыту нысанына түсуге жарамды деп танылады.

32. Мемлекеттік өрт қадағалау мамандарын дайындайтын факультетке күндізгі оқыту нысанына түсетін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қорытынды «қызметкерлер» бөлімі бойынша Талаптардың үшінші бағаны бойынша шығарылады.

Талаптардың тармақтары бойынша саптағы немесе саптан тыс қызметке жарамдылық көзделетін аурулар болған жағдайда олар оқуға түсуге жарамды деп танылады.

33. Соғыс уақытында құқық қорғау органдарының оқу орындарына азаматтық жастар қатарынан түсетіндер «оқуға түсетіндер» бөлімі бойынша Талаптардың бірінші бағаны бойынша, қатардағы және басшы құрамдағы адамдар – « қызметкерлер» бөлімі бойынша үшінші баған бойынша куәландырылады.

Азаматтық жастар қатарындағы адамдарда Талаптардың тармақтарымен жарамдылықты жеке бағалау, ал қатардағы және басшы құрамдағы адамдарда – саптағы немесе саптан тыс қызметке жарамдылық жеке көзделетін аурулар немесе дене кемістіктері анықталған жағдайда түсуге жарамдылық соғыс уақытында жеке қаралады.

34. Алдын ала куәландыру қорытындысы ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабына, ал оқуға түсуге жарамсыз деп танылған құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына, сонымен қатар амбулаторлық науқастың медициналық картасына диагнозды негіздейтін деректер көрсетіле отырып, енгізіледі.

Отырыстар хаттамаларына комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды және мөрмен бекітіледі.

35. Түпкілікті куәландыру құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орнының уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссиясында (бұдан әрі - УӘДК) жүргізіледі.

Егер күндізгі оқыту нысанына түсетіндерге алдын ала куәландыру кезінде психодиагностикалық зерттеу жүргізілмеген жағдайда, онда бұл зерттеуді ПФЗ, ПФТ аумақтық ӘДК-де, ОӘДК-де жүргізеді.

36. Күндізгі оқыту нысанына түсетіндер олардың келісімімен дәрігер-маманның қорытындысы бойынша қосымша амбулаторлық тексеруге жіберіледі.

Егер аурудың диагнозын анықтау үшін ұзақ уақыт стационарлық тексеру қажет болса, болжанатын диагнозға негізделіп, кандидат арнайы (әскери) оқу орнына түсуге жарамсыз деп танылады.

Патология болмаған жағдайда тексеруді объективті сипаттау үшін қысқартуларға рұқсат етіледі.

37. Құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсуге жарамсыз деп танылған адамдарға қорытындылар штаттық аумақтық ӘДК төрағасының қолымен және мөрімен бекітіледі және содан соң ғана осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша УӘДК отырыстарының хаттамалары кітабына енгізіледі, ал оқуға түсуге жарамсыз деп танылған құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына қорытындылар, сонымен қатар диагнозды негіздейтін деректер көрсетіле отырып , амбулаторлық науқастың медициналық картасына енгізіледі.

38. Құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының УӘДК

төрағасы талапкерлерді куәландыру аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде ОӘДК-ге түпкілікті куәландырудың өткізілгені туралы есеп (нөмірі және күні, куәландыру құрамы және ұйымдастыру, жүргізілген қосымша зерттеулер көлемі, куәландырылғандардың және республиканың облыстары бойынша жалпы саны, себептерін көрсете отырып, аяқталмаған куәландырылулардың саны, оқуға түсуге жарамсыздар саны, алдын ала куәландыру және медициналық құжаттаманы ресімдеу бойынша ескертулер мен ұсыныстар және т.б.), осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық жағдайы бойынша УӘДК оқуға түсуге жарамсыз деп таныған кандидаттардың тізімін жібереді. Түсуге жарамсыз деп танылғандардың медициналық куәландыру карталары осы мерзімдерде ОӘДК-ге жіберіледі.

39. Қайтарылған карталар бойынша жүргізілген талдау нәтижелерін алдын ала куәландыруды жүргізген ӘДК жылдық есепте ОӘДК-ге ұсынады.

## 3. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын куәландыру

40. ӘДК-ге жіберілген құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын куәландыру жарамдылық санаты туралы қорытынды шығару үшін стационарлық және қосымша зерттеу қажет етілмеген жағдайларда, 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Құқық қорғау органдарынан босатылатын, 25 және одан көп жыл қызмет өткерген адамдарға күнтізбелік 14 күннен аспайтын мерзімде стационарлық тексеру жүргізіледі. Психикалық, онкологиялық және басқа да ауыр ауру түрлерімен ауыратын, сондай-ақ ауру анықталмаған кезде адамдар бұдан ұзағырақ тексерілуі мүмкін.

Куәландырылушыны жіберген ӘДК үшін стационарлық тексеру нәтижелері стационарлық науқастың медициналық картасынан жан-жақты көшірме үзіндімен ресімделеді.

41. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары куәландырылуға қызметтік мінездемемен жіберіледі.

Қызметтік мінездемеде құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының денсаулық жағдайының оның атқарып отырған лауазымы бойынша қызметтік міндеттерін орындауына әсері туралы мәліметтер, оны қызметте қалдырудың мақсаттылығы және басқа лауазымға ауыстыру мүмкіндігі туралы пікір көрсетілуі тиіс.

Қызметтік мінездемені көрсетілген қызметкер қызмет өткеретін құқық қорғау органдары бөлінісінің басшысы дайындайды.

42. Кадр қызметі қызмет кезеңінде мертігу алған құқық қорғау органдарының

қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жеке ісіндегі мертігу алудың мән-жайлары туралы актілерді немесе анықтамаларды міндетті түрде ӘДК-ге ұсынады, ал олар болмаған жағдайда қызметтік тергеу жүргізеді, оны кадр қызметінің инспекторы «Өндірістегі жазатайым оқиғамен байланысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 74-б бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 5614 болып тіркелген ) сақтай отырып, еңбек туралы заңнамада белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

43. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында, курсантта және тыңдаушыда ауыр онкологиялық, психикалық және өзге де аурулар анықталған жағдайда, сондай-ақ іштей медициналық куәландырудан жазбаша бас тартылған жағдайда кадр аппараты ӘДК-ге жолдамада «сырттай куәландыруды сұраймын» деген жазбамен көрсетілген адамның жарамдылық санаты және аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытынды шығару туралы өтініш етеді.

44. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын куәландыруды ӘДК дәрігер-мамандар: терапевтің, хирургтің, невропатологтың, психиатрдың, офтальмологтың, отоларингологтың, дерматовенерологтың және стоматологтың міндетті түрде тексеруімен өткізеді. Әйелдерді гинеколог қарауы тиіс.

Ауруларды шынайы диагностикалау мақсатында кеуде қуысы органдарының флюорографиялық (рентгенологиялық) зерттеуі, қанның толық клиникалық талдауы, жалпы (толық) зәр талдауы, мерезге серологиялық реакциялар, электрокардиографикалық зерттеу, 40 жастан асқан адамдарда көз ішінің қан қысымын өлшеу, функциялық және зертханалық зерттеулер (әйелдер үшін тазалық дәрежесіне жағындыны зертханалық талдау) жүргізіледі.

45. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын медициналық куәландыру кезінде ӘДК мүшелері куәландырылушының барлық медициналық құжаттарымен: медициналық картасымен, медициналық картасынан үзінді көшірмемен, кезекті медициналық тексерулер деректерімен және кемінде соңғы 3 жыл ішіндегі медициналық көмек туралы өтініштерімен танысуы тиіс, клиникалық-сараптама анамнезін мұқият жинап, емдеу мекемелерінен медициналық құжаттарды сұратуы тиіс.

Кадр аппараттары мен мұрағаттық мекемелерден, ҚІД, ҚІБ, ҚІб, әскери бөлімдерден, басқа мекемелер мен ұйымдардан жеке (зейнеткерлік) істер, медициналық құжаттар, қызметтік тексерістер, әкімшілік тергеу, анықтау, қылмыстық іс материалдары, мінездемелер, мұрағаттық анықтамалар, бұйрықтардан, актілерден, хаттамалардан үзінділер және басқа құжаттар сұратылады. Санамаланған құжаттардағы мәліметтерге талдау жүргізіледі, олар

сараптама қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

46. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының жарамдылық санаты туралы қорытындыны ӘДК «қызметкер» бөлімі бойынша Талаптардың тиісті бағаны бойынша бөліністі және қызмет түрін (нақты лауазымды, мамандықты) ескере отырып шығарады.

47. Еңбек сіңірген жылдары көп, бірақ 25 жылдан кем немесе 12,5 жыл болатын (кемінде 12,5 жыл азаматтық өтілі болса және қызметте болудың белгіленген жасына жеткен) және Талаптардың бірінші және екінші бағандарында санамаланған лауазымдарды атқаратын құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында «бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында екінші дәрежелі шектеулі жарамды » не «жарамдылығы жеке анықталады» деген қорытынды көзделетін аурулар анықталған жағдайда функциялық сақталған жағдайда және анықталған ауруымен одан әрі пайдаланудың мақсатқа сай болуы туралы, басқа лауазымдарға еңбекке орналастыру мүмкіндігі және жолдамадағы тиісті өзгерістер туралы кадр аппаратының пікірін ескере отырып, егер ұсынылған лауазымдардағы қызмет аурудың ағымына кері әсерін тигізбейтін болса, ӘДК үшінші, төртінші бағандар бойынша қызметке жарамдылығы туралы қорытынды шығарады.

Бұл жағдайда қорытынды мынадай редакцияда шығарылады: «Бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды, соғыс уақытында бірінші дәрежелі шектеулі жарамды», «(Нақты лауазымы көрсетілсін) ретінде қызметке жарамды».

48. Климаты қолайсыз ыстық шет елдерге іссапарға жіберілетін құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын және олардың отбасы мүшелерін куәландыру, егер іссапардың ұзақтығы 3 айдан асатын болса, жүргізіледі.

Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын, олардың отбасы мүшелерін 6 айға дейінгі мерзімге шетелдік іссапарға жіберу туралы қорытындыны ведомстволық емдеу-профилактикалық мекемесі береді.

49. Құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары аумағында оқу орындары орналасқан ішкі істер органдарының ӘДК-де куәландырылады.

Осы оқу орнының медициналық қызметінің бастығы ӘДК-ге куәландырылушылардың медициналық сараптама құжаттарын ұсынады және комиссияның жұмысына тікелей өзі қатысады.

50. Курсанттар мен тыңдаушыларға қорытынды (Академияның және мемлекеттік өрт қадағалау мамандарын дайындайтын факультеттердің тыңдаушыларынан басқа) оқудың барлық кезеңі ішінде:

1) Талаптардың екінші бағаны бойынша - өртке қарсы қызметтің, жол

полициясы қызметінің және жедел қызмет мамандарын дайындайтын білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына;

2) Талаптардың бірінші бағаны бойынша – құқық қорғау органдарының қалған арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына шығарылады.

Медициналық куәландыру кезінде оқудың бірінші жылындағы курсанттар мен тыңдаушыларда тиісті бөлімдер бойынша Талаптардың тармақтарында жарамдылықты жеке бағалау көзделген аурулар анықталса, олар оқуға жарамсыз деп танылады.

Бірінші курстың курсанттары мен тыңдаушыларының денсаулық жағдайындағы уақытша сипаттағы өзгерістер болған жағдайда ӘДК Талаптардың бірінші және екінші бағандары бойынша қызметтен босатылуға немесе ауруы бойынша демалысқа мұқтаждығы туралы ғана қорытынды шығарады. Талаптардың бірінші және екінші бағандары бойынша олардың одан әрі оқуға жарамдылығы туралы және қызметке жарамдылығы туралы қорытынды денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босату, ауруы бойынша демалыс мерзімі аяқталғаннан кейін негіздемелер болғанда шығарылады.

Оқудың екінші жылынан (курсынан) бастап курсанттарды куәландыру кезінде ӘДК оқу орнының және факультеттің бейініне қарай Талаптардың бірінші, екінші, үшінші бағандары бойынша қызметке жарамдылық туралы мәселені шешеді. Олар кестенің бірінші, екінші, үшінші бағандары бойынша әскери қызметке немесе саптан тыс қызметке жарамды деп танылған жағдайда бір мезгілде оқу орны мен факультеттің бейініне сәйкес келетін Талаптардың бағаны бойынша одан әрі оқуға жарамдылығы туралы қорытынды шығарылады.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 30.09.2013 № 580 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

51. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қатарынан Академия тыңдаушыларының қызметке жарамдылығы туралы шешім «қызметкерлер» деген бөлім бойынша Талаптардың үшінші бағаны бойынша шығарылады.

52. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын, курсанттар мен тыңдаушыларды дәрігер-мамандардың куәландыру нәтижелері және ӘДК қорытындысы медициналық куәландыру актісіне, әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабына жазылады, ал олар жарамсыз деп танылғанда - амбулаторлық науқастың медициналық картасына, медициналық кітапшасына жазылады. Қорытынды медициналық куәландыру туралы анықтамамен немесе осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауру туралы куәлікпен ресімделеді.

53. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының ауруы бойынша демалысқа немесе қызметтік міндеттерін орындаудан босатылуға мұқтаждығы туралы қорытынды Талаптарда көзделген жағдайларда (қалпына келтіру емінің аяқталу сатысы ретінде) шығарылады.

54. Соғыс уақытында құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының емделуі медициналық мекемеде аяқталуы тиіс. Қатардағы және басшы құрамдағы адам қызметтік міндеттерін атқаруға кірісе алатын мерзім 3 айдан аспайтын болса, ӘДК емделуді медициналық мекемеде жалғастыруға мұқтаждығы туралы қорытынды шығарады. Егер бұл мерзім 3 айдан асатын болса, ӘДК 3-6 айдан кейін қайта куәландырудан өткізіп, құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының қызметке уақытша жарамсыздығы туралы қорытынды шығарады.

55. Тыңдаушыларға (курсанттарға) академиялық демалыс «Білім беру ұйымдарында оқитындырға академиялық демалыстар беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 124 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5192 болып тіркелген) сәйкес тек ОӘДК-нің немесе облыстың Ішкі істер департаменті (бұдан әрі – ІІД) ӘДК-нің қорытындысы негізінде құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орны бастығының бұйрығымен беріледі.

Созылмалы немесе жіті психикалық аурулардың, жарақаттардың зардаптары асқынуына байланысты ӘДК құқық қорғау органдарында қызметке жарамдылығын шектеу, жарамсыздығы туралы «Бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды, соғыс уақытында бірінші дәрежелі шектеулі жарамды», « Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында екінші дәрежелі шектеулі жарамды», «Әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыз» деген тұжырыммен қорытынды шығарған барлық жағдайларда академиялық демалыстар берілмейді.

ӘДК-нің «Бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды, соғыс уақытында бірінші дәрежелі шектеулі жарамды. Құқық қорғау органдарының оқу орнында оқуға жарамсыз» деген қорытындысының негізінде оқудан шығарылған жоғары курстардың тыңдаушылары (курсанттары) құқық қорғау органдарының бөліністерінде жедел емес лауазымдарда қызметін жалғастырған жағдайда оқуды сырттай нысан бойынша, бірақ кемінде бір жылдан кейін, сырттай нысан бойынша оқу орнына қайта қабылданар алдында міндетті түрде ӘДК-ден медициналық куәландырылған жағдайда жалғастыра алады.

56. ӘДК аурудың, мертігудің сипаты мен ауырлығына қарай демалыстың ұзақтығын белгілейді.

Бейбіт уақытта құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы

құрамдағы адамдарына Адамдардың ішкі істер органдарындағы қызметке денсаулық жағдайының сәйкестігіне қойылатын талаптарға сәйкес «уақытша жарамсыздық» (бұдан әрі - Г санаты) 30 тәулікке беріледі және еңбек қабілетінің қалпына келуіне кепілдік беретін жақсы болжам жасалған, Талаптардың жекелеген тармақтарында көзделген жағдайда 30 тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартылады.

57. Медициналық көрсетімдер бойынша қызметтік міндеттерін атқару қалпына келмейтін жағдайларда Г санаты немесе оның қызметке уақытша жарамсыздығы бойынша құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының демалысқа мұқтаждығы туралы ӘДК-нің қорытындысы шығарылмайды, әскери қызметке жарамдылық санаты туралы мәселе шешіледі.

58. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары қызметтен босатылған кезде Г санатына мұқтаждығы туралы қорытынды шығарылмайды.

59. Соғыс уақытында құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының Г санатына мұқтаждығы туралы қорытынды шығарылмайды.

60. ӘДК құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының және олардың отбасы мүшелерінің емделуді жалғастыруы, бір медициналық мекемеден екіншісіне ауысуы үшін Г санатына мұқтаждығы туралы қорытынды, сондай-ақ егер бұл оның емдеу мекемесі орналасқан жерге қоныс аударуына байланысты болса, қызметінің жалпы ұзақтығы 25 және одан көп жыл болса, қызметте болудың шекті жасына жетуіне байланысты, денсаулық жағдайына немесе ұйымдастырушылық-штаттық іс-шараларға байланысты қызметтен босатылған құқық қорғау органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамының стационарлық емделуге мұқтаждығы туралы қорытынды шығарады.

Егер құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамы, оның отбасы мүшелері, қызметінің жалпы ұзақтығы 25 және одан көп жыл болса, қызметте болудың шекті жасына жетуіне байланысты, денсаулық жағдайына немесе ұйымдастырушылық-штаттық іс-шараларға байланысты қызметтен босатылған құқық қорғау органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамы денсаулық сақтау жүйесінің медициналық мекемелеріне, ведомстволық медициналық, әскери-медициналық немесе санаторлық-курорттық мекемелерде емделуге баруы кезінде, ал қатардағы және басшы құрамдағы адамы, сонымен қатар, Г санаты бойынша демалысқа немесе тұрғылықты жеріне баруы кезінде ілесіп жүрушілерді қажет етсе, ӘДК бұл туралы қорытынды шығарады және олардың санын көрсетеді.

61. Дене массасы индексінде (бұдан әрі - ДСИ) 18,5 кг/$м^2$ төмен, тегін тамақ алатын аз салмақты құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына ӘДК олар үшін көзделген азық-түлік үлесі нормаларының жартысы шегінде үш айдан аспайтын мерзімге қосымша тамақ беру туралы қорытынды шығарады.

Бойы 190 см және одан биік курсанттар мен тыңдаушыларға ӘДК олар үшін көзделген азық-түлік үлесі нормаларының жартысы шегінде үш айдан аспайтын мерзімге қосымша тамақ беру туралы қорытынды шығарады.

Өзін нашар сезіну, аштықты сезіну, тамақтанғаннан кейін тоюды сезінбеуіне шағымдану, сондай-ақ дене салмағының кері динамикасы қорытынды шығару үшін көрсетім болып табылады. ӘДК мынадай редакцияда қорытынды шығарады : «(Мерзімін көрсету) бастап (мерзімін көрсету) дейін тәуліктік азық-түлік үлесі нормаларының жартысы шегінде қосымша тамақ берілсін».

62. Қызметкерлерді денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босату туралы кадр қызметтерінің бұйрықтары ӘДК анықтамаларының негізінде қабылданады.

63. Егер қызмет өткеруші азамат жұмыстан босатылу кезінде (жұмыстан босатылу себебі мен уақытына қарамастан) құқық қорғау органдарындағы қызметке, әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау немесе ӘДК-нің қорытындысын қайта қарау туралы мәселе қойса, кадр аппараты оның тұрғылықты жері бойынша осы адамға әскери қызметке жарамдылық санаты туралы қорытынды шығарған ОӘДК-ге, облыстың, қаланың ІІД ӘДК-ге оның өтінішін, жеке ісін, ал зейнеткерге зейнеткерлік ісін, өтініш иесінің қолындағы немесе медициналық мекемелерден алынған медициналық құжаттарын жібереді. Психикалық бұзылулар салдарынан денсаулық жағдайына байланысты қызметтен босатылған азаматқа, сонымен қатар, ол бойынша (ӘДК қорытындысының негізінде) қызметтен босатылған белгіленген психикалық бұзылулар диагнозының өзгеруі немесе алынуы туралы мамандандырылған медициналық мекеменің қорытындысы ұсынылады.

Егер алынған құжаттарды зерделеу нәтижесінде азаматтың өтінішін қанағаттандыруға негіз бар екені анықталса, ӘДК қорытындысы осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, оған комиссия төрағасы және оның барлық мүшелері қол қояды, мөрмен бекітіледі және ӘДК істерінде сақталады. ӘДК отырысы хаттамасының көшірмесі мәлімет үшін ОӘДК-ге жіберіледі.

ӘДК қорытындысы 3 данада ресімделеді, ӘДК бастығы қол қояды және азаматтың құжаттарын жіберген кадр аппаратына беріледі.

64. Егер куәландырылушыда Талаптарда көзделмеген ауру болса, ӘДК куәландырылушының ауруына және оның қызметке іс жүзіндегі жарамдылығына

барынша сәйкес келетін тармақ бойынша қорытынды шығарады. Қорытынды бұл ретте мынадай редакцияда шығарылады: «Талаптардың ______ бағанының ___ бабына қатысты» және одан әрі осы баппен қарастырылған қорытындының мәтіні.

65. Талаптардың қызметке жарамдылықты жеке бағалауды көздейтін тармақтары бойынша куәландырушы құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ӘДК мына тұжырымдардың бірінде қорытынды шығарады:

1) «бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды, соғыс уақытында бірінші дәрежелі шектеулі жарамды»;

2) «бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында екінші дәрежелі шектеулі жарамды».

Егер құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары бірін-бірі ауырлататын (Талаптардың үш және одан көп қосымшалары негізінде), қызметке жарамдылығы «Жеке тәртіппен» санатын көздейтін бірнеше ауру анықталған жағдайда, ӘДК аурулардың жиынтығы бойынша «бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды, соғыс уақытында жарамдылығы бірінші сатыдағы шектеулі» қорытындысын шығарады.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 30.09.2013 № 580 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

66. ӘДК Талаптардың 2-тармағына сәйкес әскери қызметке жарамдылығы санаты туралы басқа да қорытындылар шығарады.

## 2-тарау. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының ауруларының, мертігулерінің (жаралануының, жарақаттарының, контузияларының) себепті байланысын анықтау

67. Себепті байланыс – бұл құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының, құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының курсанты мен тыңдаушысының немесе әскери жиынға шақырылған азаматтың қызмет, оқу кезеңінде мертігуі мен ауруының уақытын және оны алуының мән-жайын айқындайтын, әскери-дәрігерлік комиссия белгілейтін, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі – МӘС) белгілейтін мүгедектік салдарынан болған себепті айқындайтын сараптамалық санат.

68. Медициналық куәландыру барысында сараптамалық диагноз белгіленген

құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына, курсанттар мен тыңдаушыларға және әскери жиынға шақырылған азаматтарға ӘДК осы адамдардың алған ауруларының, мертігулерінің себепті байланысын міндетті түрде айқындайды.

69. «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» және «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Ережеге сәйкес ОӘДК құқық қорғау органдарының бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына, құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына және әскери жиынға шақырылған адамдарға олардың өтініштері, бөліністердің, ішкі әскерлердің, әскери бөлімдер командирлерінің және халықты әлеуметтік қорғау органдарының өтінімдері бойынша, өтініш иесі, санамаланған органдар ұсынған, не бұрынғы КСРО-ның Мемлекеттік мұрағаттарынан табылған, көрсетілген кезеңдегі мертігу фактісін растайтын әскери-есептік және медициналық сараптама құжаттары бойынша мертігудің себепті байланысын анықтайды.

70. Қызмет өткергенін, Ұлы Отан соғысы майдандарында сол кездегі армияда болғанын, басқа да қарулы қақтығыстарға, жауынгерлік операцияларға қатысқанын, сондай-ақ мертігу және ауру фактісін растайтын мұрағаттық құжаттарды іздеуді құқық қорғау органдарының, ішкі әскерлердің және кадр қызметтері, ҚІД, ҚІБ, ҚІб жүргізеді.

71. Аурулардың, мертігулердің себепті байланысын анықтау үшін ОӘДК-де мынадай құжаттар қарауға жатады:

1) іс жүзінде әскери қызметті өткеру кезеңінде немесе Қарулы Күштерден босатылу кезінде ӘДК-нің куәландыру нәтижелері туралы деректер бар әскери-есептік құжаттар (әскери билет, қызыл армия кітапшасы, әскери міндеттен босату туралы куәлік, тіркеу куәлігі, емделуге кету туралы бұйрықтан үзінді және т.б.);

2) мертігу және ауру фактісін растайтын әскери-медициналық құжаттар (ауру туралы куәлік, жаралану, контузия, жарақаттану және ауруы туралы анықтама, әскери-емдеу мекемелердегі емделу фактісі және нәтижелері туралы мұрағаттардың анықтамалары);

3) Қарулы Күштерде қызмет өткергенін, емдеуде болғанын, ӘДК-нің куәландыруын тікелей немесе жанама растайтын басқа да құжаттар;

4) мертігу және ауру фактісін жанама растайтын құжаттар (бөлім бойынша бұйрықтардан үзінділер, жауынгерлік, қызметтік, партиялық мінездемелердің,

аттестациялардың, наградтау парақтарының, сот материалдарының көшірмелері);

5) өтініш білдірген уақыты мен себептерін көрсете отырып, әскери қызметшінің, құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының медициналық көмек көрсетуге өтініш білдіргенін растайтын әскери және азаматтық емдеу мекемелерінің құжаттары;

6) МӘС-тің қолданыстағы және мұрағаттық актілері;

7) арнайы тексерістердің материалдары бойынша мертігулер мен аурулардың деректері;

8) жарақат туралы анықтама.

72. ОӘДК құжаттарды қарап, әрбір нақты жағдайда:

1) мертігу мен аурудың себепті байланысы туралы қорытынды ресімдеу;

2) қосымша материалдар сұрату;

3) медициналық тексеру, сот-медициналық сараптама, ҚІД, ҚІБ, ҚІб дәрігерлік комиссиясында куәландыру жүргізу;

4) мәселенің мәні бойынша түсіндірме беру;

5) тиесілігі бойынша құжаттарды жіберу туралы шешім қабылдайды.

73. Мертігудің және аурудың себепті байланысын жан-жақты негіздей отырып, құжаттарды қарау нәтижелері әскери-дәрігерлік комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, сырттай қорытындылар кітабына енгізіледі, төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қояды және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

74. Әскери-есептік құжаттардан басқа ӘДК қорытындысын негіздеуде пайдаланылған құжаттар мұрағатта сақтауға жатады.

75. МӘС үшін қорытынды қабылданған шешімді негіздейтін құжаттар көрсетіліп, себепті байланысты анықтаған ӘДК-нің бланкісінде нысан бойынша жалғыз данада ресімделеді, ОӘДК төрағасы қол қояды, ол болмаған жағдайда оның орынбасары қол қояды, қорытынды елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

76. Егер құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамында бірнеше ауру, мертігу немесе түрлі жағдайларда алған (туындаған) олардың зардаптар анықталса, онда ӘДК себепті байланыс туралы қорытындыны бөлек шығарады.

77. Себепті байланысты анықтау үшін ӘДК-де пайдаланылатын құжаттарда аурудың диагнозы көрсетілмеген, бірақ куәландыру сәтінде қолданыста болған бұйрықтың тармағымен Талаптардың қосымшасы көрсетілген жағдайда ӘДК себепті байланыс туралы өзінің қорытындысында осы тармақпен көзделген аурулардың атауларын көрсетеді.

78. Қаралатын құжатта аурудың, мертігудің нақты диагнозы дәл көрсетілмеген, ал қаулы бөлімінде осы диагнозға сілтеме жасалған жағдайда,

ӘДК өзінің қорытындысында диагнозды бастапқы тұжырымын өзгертпей көрсетеді, сонан соң нақтыланған диагнозды көрсетеді.

79. Егер себепті байланысы анықталатын адамдардың медициналық құжаттарында аурудың жекелеген белгілері ғана көрсетілген болса, онда ӘДК осы аурудың себепті байланысы мәселесін шешуге құқылы.

80. Құқық қорғау органдарының бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында осы Нұсқаулықта көрсетілген жағдайларда алған дене жарақатының айқын көрінетін зардаптары (аяқ-қолының, органының болмауы, сүйек кемістігі, жарақаттан кейінгі көлемді тыртықтар, бөгде денелердің болуы) бар болса және көрсетілген оқиғаларға жататын кезеңдерде дене жарақатын алудың жанама фактісінің болуын растайтын әскери-есептік және медициналық құжаттар ұсынылған болса, ӘДК-ге құжаттарды жіберген кадр аппараттары, ҚІД, ҚІБ, ҚІб не оларды қарастырушы ӘДК жарақаттану сипатын, ескілігін және дәл орнын анықтау үшін сот-медициналық сараптаманың куәландыруына жібереді.

ОӘДК айқын көрінетін дене жарақаттарының сипаты мен ескілігін анықтау үшін комиссиялық тексеру жүргізеді, деректер хаттамаға енгізіледі және оны жүргізген адамдар қол қояды.

81. Басындағы, мойнындағы жарақатты немесе бір уақытта алған кез келген жердегі көптеген жарқыншақ жарақаттарды көрсететін деректер бар болса, ӘДК бір уақытта бар контузия бойынша қорытынды шығарады.

82. Куәгерлік көрсетімдер құқық қорғау органдарының бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында ауырған аурулары немесе контузиялары фактісін анықтау үшін негіз бола алмайды.

83. Егер ӘДК қараған құжаттарда аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы қаулы шығару үшін қажетті мәліметтер болмаса, тиісті мекемелер мен мұрағаттардан әскери-есептік, медициналық сараптама құжаттары қосымша сұратылады.

84. Аурулар болған жағдайда ӘДК себепті байланыс туралы қорытындыны Ереженің 4-тарауының тиісті редакциясында қабылдайды.

85. Егер қызметтік міндеттерін (әскери қызмет міндеттерін) атқару кезінде мертігу алған құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамына, әскери жиындардан өтуші азаматқа амбулаторлық немесе стационарлық емдеудің соңында денсаулығына келген зиянның ауырлық дәрежесі туралы анықтама берілмесе, ӘДК көрсетілген адамдардың өтініші, кадр қызметтерінің, ҚІБ, ҚІб қолдаухаттары және т.б. бойынша мертігудің ауырлық дәрежесі туралы қорытындыны хаттамамен ресімдейді.

Бұл жағдайда қорытынды амбулаторлық науқастың медициналық картасында (медициналық кітапшасында), стационарлық науқастың медициналық картасында, басқа да медициналық сараптама құжаттарында, сондай-ақ кадр

қызметтерінің анықтамаларында тиісті жазбалар мен мертігу алудың мән-жайлары болған кезде шығарылады.

Қорытынды емдеу мекемелері мен олардың әрқайсысында емделу мерзімі көрсетіле отырып, ресімделеді. Анықтаманың нөмірі мен берілген күні отырыс хаттамасының нөмірі мен күніне сәйкес келуі тиіс.

86. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының өліміне әкеп соққан аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы қорытынды шығарар алдында ӘДК мына материалдарды: ведомстволық медициналық және әскери-медициналық мекемелердің, басқа министрліктер мен ведомстволардың медициналық мекемелерінің медициналық құжаттарын, қызмет өткеру кезеңіндегі медициналық куәландыру деректерін, анықтамаларды (актілерді), мертігу алудың мән-жайлары туралы кадр қызметтерінің қызметтік тергеу материалдарын, сот-медициналық (патологиялық-анатомиялық) зерттеудің хаттамаларын, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесін, жеке құрамның тізімінен алып тастау туралы бұйрықтың үзіндісін зерделейді.

87. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының қызмет кезеңінде не қызметтен босатылғаннан кейінгі 1 жыл ішінде өліміне әкеп соққан аурудың, мертігудің себепті байланысы туралы ӘДК-нің қорытындысы комиссия отырысы хаттамасының нысаны бойынша сырттай қорытындылар кітабында ресімделеді, комиссия төрағасы және комиссияның барлық мүшелері қолы қояды және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Мертігудің, аурудың себепті байланысы туралы қорытынды шығаруға негіз болған барлық құжаттар мен әскери-есептік құжаттардың көшірмелері сырттай куәландыру жүргізген ӘДК-нің істерінде сақталады.

Қорытынды комиссияның бланкісінде бір данада басылады, оған бастық, ал ол болмағанда оның орынбасары қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Қорытынды себепті байланысты анықтау туралы қолдаухат жіберген органға жіберіледі (беріледі).

88. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының өліміне әкеп соққан аурудың, мертігудің себепті байланысын штаттық ӘДК орган бастығының, әскери бөлім командирінің, бөліністердің кадр қызметтерінің, ҚІД, ҚІБ, ҚІб, прокуратура органдарының өтініштері бойынша анықтайды.

## 3-тарау. Радиациялық әсерлерден зардап шеккен құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын, құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы бұрынғы адамдарын куәландыру және мертігулері мен ауруларының себепті байланысын айқындау тәртібі

89. Радиоактивтік заттармен, иондалған сәуле шашу көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электомагниттік көздерімен (бұдан әрі - РЗ, ИСШ, ЗОК, ЭМӨ) қызмет өткерген құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын медициналық куәландыру және мертігуі мен ауруларының себепті байланысын айқындау тәртібі Ережеге сәйкес жүргізіледі.

90. Атомдық объектілердегі радиациялық апаттарға және олардың зардаптарына, сынақтарға, оқуларға және ядролық қару мен ғарыш техникасын қоса алғанда, ядролық қондырғылардың кез келген түріне байланысты өзге де жұмыстарды жүргізумен, сондай-ақ радиациялық авария ретінде сараланған басқа жағдайларда (бұдан әрі - радиациялық әсер) алынған мертігулер мен аурулардың себепті байланысы «Семей сынақ ядролық полигонындағы ядролық сынақтарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау» және «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес айқындалады.

91. ОӘДК радиациялық әсерлер ауруларының:

1) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарында;

2) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы бұрынғы адамдарында;

3) ішкі әскерлердегі арнайы жиындарға шақырылған және атомдық объектілердегі аварияларды және олардың зардаптарын жоюға байланысты жұмыстарға тартылған әскери міндеттілерде;

4) ішкі әскерлердегі арнайы жиындарға шақырылған және атомдық объектілердегі аварияларды және олардың зардаптарын жоюға байланысты жұмыстарға бұрын тартылған әскери міндеттілерде себепті байланысын айқындайды.

92. Радиациялық әсерден зардап шеккен құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын мертігудің, аурудың себепті байланысын анықтау үшін медициналық тексеруге және куәландыруға бөліністердің кадр қызметтері, әскери бөлім командирі (кадр аппараты), ал қатардағы және басшы құрамдағы бұрынғы адамдар мен әскери қызметшілерді кадр қызметтері, ҚІБ, ҚІб, халықты әлеуметтік қорғау органдары жібереді. Мертігудің, аурудың себепті байланысы, сонымен қатар құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, оның ішінде бұрынғылардың өтініштері бойынша айқындалуы мүмкін.

93. Радиациялық әсерлері бар мертігудің, аурулардың себепті байланысы туралы ОӘДК-нің қорытындысы:

1) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы

адамдарында:
әскери билеті;
амбулаторлық науқастың медициналық картасы;
медициналық кітапшасы;
стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді және амбулаторлық немесе стационарлық тексерудің басқа деректері;
диагнозы көрсетілген ауру ағымының сипаты, жиілігі мен қайталану ұзақтығы туралы мәліметтер;
радиоактивтік заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда (жоғарыда көрсетілген заңда белгіленген) орналасқан құқық қорғау органдарында қызмет өткерудің, әскери бөлімдерде болған әскери қызметінің ұзақтығы көрсетілген бөліністердің кадр қызметтері, әскери бөлім берген анықтамалар (актілер);
радиациялық авария ретінде сараланған жағдайларда қызметтік тергеудің материалдары;
иондалатын сәулелену көздерімен жұмыстың ұзақтығы мен мерзімдері, сәулелену мөлшері көрсетілген маманның еңбек жағдайының және жұмыс орнының санитарлық-гигиеналық сипаттама карталары;
2) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы бұрынғы адамдарында, сондай-ақ бұрын арнайы жиындарға шақырылған әскери міндеттілерде:
әскери билеті, жеке ісі, зейнеткерлік ісі;
стационарлық, амбулаторлық науқастың медициналық карталарынан үзінділер;
радиоактивтік заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда (жоғарыда көрсетілген заңда белгіленген) орналасқан әскери бөлімдерде қызмет өткеру, міндетті әскери қызмет өткеру (мерзімін көрсете отырып) фактісін растайтын құжаттар, сондай-ақ радиациялық авария ретінде сараланған жағдайды растайтын құжаттар;
иондалатын сәулелену көздерімен жұмыс мерзімдері мен еңбек жағдайының санитарлық-гигиеналық сипаттама картасы негізінде қабылданады.
94. Азаматты мертігудің, аурудың себепті байланысын анықтау үшін жіберген жауапты адам ӘДК-ге оның радиациялық әсері бар жағдайларда қызмет өткергенін (жиында болғанын) растайтын анықтама ұсынады.
95. Ядролық апаттар нәтижесінде пайда болған, сондай-ақ қашықтағы радиоактивтік әсерлердің салдарларына байланысты жіті және созылмалы аурулардың диагноздары Қазақстан Республикасы Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің госпиталі жанындағы Чернобыль АЭС-тегі аварияның зардаптарын жоюшыларға арналған Республикалық оңалту орталығында стационарлық тексеруден өткеннен кейін ғана белгіленеді.

Штаттарда радиолог-токсиколог дәрігер болмаған жағдайда Орталық ведомствоаралық сарапшылар кеңесінің міндетті сараптамалық қорытындысы талап етіледі.

96. Қарастыруға жататын аурулардың тізбесі «Иондалатын сәулелердің әсеріне байланысты аурулардың тізбесін және Иондалатын сәулелердің әсері бар аурулармен себепті байланысты анықтау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы № 34 қаулысымен айқындалған.

97. Чернобыль АЭС-тегі апаттың зардаптарын жоюға байланысты жұмыстарды орындауға тартылған, бұрынғы КСРО аумағында ядролық қаруды сынауға қатысқан құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, әскери міндеттілердің, құқық қорғау органдарының бұрынғы қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ радиациялық авария ретінде сараланған оқиғаларда болған санамаланған адамдар санаттарының ауруларының себепті байланысы олардың сәулелену мөлшерінің көлеміне, көрсетілген оқиғаларға дейінгі медициналық анамнезіне, көрсетілген оқиғаларда зиянды салдарлар басталғанға дейінгі кезеңнің ұзақтығына қарамастан, егер олар санамаланған оқиғаларға тікелей қатысу салдарларынан туындаған қолайсыз факторлардан пайда болса не мұндай байланыстың жоқтығы расталмаса, анықталады.

98. Азаматтардың санамаланған санаттарының мертігуі мен ауруларының себепті байланысы туралы қорытынды Ереженің 4-тарауының тиісті редакциясында қабылданады.

99. Мертігулер мен аурулардың себепті байланысы туралы ӘДК-нің қорытындысы комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді, сырттай қорытындылар кітабына енгізіледі, комиссия төрағасы мен комиссияның барлық мүшелері қол қояды және елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

100. Мертігудің, аурудың себепті байланысы туралы қаулы шығаруға негіз болған барлық құжаттар мен әскери-есептік құжаттардың көшірмелері сырттай куәландыру жүргізген ӘДК-нің істерінде сақталады.

101. Қорытынды комиссияның бланкісінде бір данада басылады, оған бастық, ал ол болмаған жағдайда орынбасары қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

102. ӘДК-нің ресімделген қорытындысы адамның тұрғылықты жері бойынша МӘС бөліміне жіберіледі (беріледі). Қарау үшін ӘДК-ге құжаттар жіберген органдар (халықты әлеуметтік қорғау органдарынан басқа) мен азаматтар қорытындының адамның тұрғылықты жері бойынша МӘС бөліміне жіберілгені туралы хабардар етіледі.

## 4-тарау. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын және олардың отбасы мүшелерін денсаулығына байланысты Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін медициналық куәландыру

103. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын, олардың отбасы мүшелерін денсаулығына байланысты Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде қызмет өткеру ( тұру) мүмкіндігін айқындау үшін медициналық куәландыруды осы Нұсқаулыққа 14-қосымшаға сәйкес Тізбе бойынша штаттық ӘДК жүргізеді.

104. Медициналық куәландыру кезінде ӘДК қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде қызмет, әскери қызмет өткеруіне және олардың отбасы мүшелерінің тұруына Медициналық қарсы көрсетімдер тізбесін басшылыққа алады.

Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын және олардың отбасы мүшелерін терапевт, хирург, невропатолог, офтальмолог, отоларинголог, психиатр, ал әйелдерді, сонымен қатар, гинеколог куәландырады. Басқа мамандықтағы дәрігерлер медициналық куәландыруға көрсетімдер бойынша тартылады. 14 жасқа дейінгі балаларды тек педиатр куәландырады. Медициналық куәландыру басталғанға дейін кеуде клеткасы органдарының флюорографиялық зерттеуі, қан мен зәрдің клиникалық талдауы, көрсетімдер бойынша электрокардиография және қосымша зерттеулер жүргізіледі.

105. Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде қызмет, әскери қызмет өткеру үшін ауыстырылатын құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары, құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының тыңдаушылары, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері сол жерлерде қызмет, әскери қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін кадр аппараттарының, әскери бөлім командирлерінің, арнайы (әскери) оқу орындары бастықтарының жолдамалары бойынша ӘДК-нің медициналық куәландыруынан өтеді.

106. Медициналық куәландырылуға жіберілетін қатардағы және басшы құрамдағы адамның отбасы мүшелеріне әйелі (зайыбы), олардың кәмелетке толмаған балалары, ішкі істер органдарының, басқа да құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының асырауындағы кәмелетке толған оқушы балалары, сондай-ақ I және II топтағы мүгедек балалары жатады. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың асырауында тұрған басқа

адамдар және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері - қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың және олардың әйелдерінің ата-аналары, I және II топтағы мүгедек әкесі мен анасы; көрсетілген контингенттің және олардың әйелдерінің аға-інілері, апа-қарындастары, сіңлілері, ата-әжесі денсаулық жағдайларына байланысты ұдайы күтімді қажет ететін болса және басқа жақын туыстары болмаған жағдайларда ғана медициналық куәландыруға жіберіледі. Ұдайы күтімге қажеттілікті МӘС айқындайды.

107. Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде қызмет өткеру (тұру) үшін жіберілетін құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын, құқық қорғау органдары арнайы ( әскери) оқу орындарының тыңдаушыларын, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру кезінде ӘДК тек медициналық қарсы көрсетімдердің бар-жоғын ғана анықтайды.

108. Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде қызмет өткеріп жүрген және осы жерлердегі қызметке кедергі келтіретін өздерінде ауру бар екенін мәлімдеген құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары медициналық куәландыруға жіберіледі. Егер олар медициналық куәландыру кезінде әскери қызметке жарамды немесе бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды деп танылған болса, олардың көрсетілген жерлерде қызмет өткеру мүмкіндігі туралы мәселені ӘДК шешеді. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының отбасы иесімен бірге немесе бөлек тұратын отбасы мүшелері ӘДК-ге медициналық куәландыруға Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде тұру мүмкіндігі туралы мәселені шешу үшін ғана жіберіледі. Әскери қызметке жарамсыз деп танылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ауру туралы куәлік ресімделеді және оларды жіберген кадр аппаратына беріледі.

109. Кадр қызметтері Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде қызмет өткеріп жүрген құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына (олардың отбасы мүшелеріне) медициналық куәландыруға жолдамалар беруді негізді ресімдейді.

110. Кадр қызметтерінің жолдамаларында қатардағы және басшы құрамдағы адамды медициналық куәландыру мақсаты – оның нақты лауазымда қызметке, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулығы бойынша Қазақстан Республикасының нақты бір жерінде қызмет өткеру мүмкіндігін анықтау көрсетіледі.

111. ӘДК-ге жолдамамен бірге:

1) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамына - амбулаторлық науқастың медициналық картасы (медициналық кітапшасы) және

оның аурулары, олардың ағымының ерекшеліктері, жүргізілетін емнің тиімділігі туралы ведомстволық медициналық, әскери-медициналық мекемелердің, денсаулық сақтау ұйымдары дәрігерлерінің жан-жақты қорытындылары;

2) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының отбасы мүшелеріне - аурудың ағымы туралы емдеу (емдеу-профилактикалық) мекемелерінің тексеру, емдеу және ұзақ уақыт (12 айдан кем емес) бақылауының деректері; жылдам өршитін ауыр аурулар (ісіктер, қан ауруы және т.б.) кезінде бақылау мерзімі белгіленбейді.

112. Егер құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамын климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерге жіберу кезінде отбасы мүшелерінің мамандандырылған емдеу (емдеу-профилактикалық) мекемесінде ұзақ емделуге және бақылауда болуға, арнайы білім беру ұйымдарында ( мектеп-интернаттарда, балабақшаларда және т.б) оқуға, тәрбиеленуге мұқтаждығы туралы мәселе шешілетін болса, ӘДК сол жерде мамандандырылған медициналық көмек көрсету немесе оқыту, тәрбиелеу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы денсаулық сақтау (білім беру) органдарынан мәліметтер сұратады.

113. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын және олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру сол жерде соңғы 1-2 жылда жүргізілген емдеу және медициналық бақылау нәтижелері ескеріле отырып, жүргізіледі.

114. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамның (оның отбасы мүшелерінің) Қазақстан Республикасының климаты қолайсыз жерлерінде қызмет өткеруге (тұруға) қарсы көрсетімдері туралы ӘДК-нің қорытындысы ведомстволық медициналық, әскери-медициналық мекемелерде, денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық көмек көрсетудің барлық мүмкіндіктері таусылған жағдайларда және қатардағы және басшы құрамдағы адамның орын ауыстыруы немесе оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне орын ауыстыруы денсаулық сақтау шарасы болып табылған жағдайда ғана шығарылады.

115. Қызмет өткеруші немесе бір жерде қызмет өткеру үшін ауыстырылған қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың отбасы мүшелерін кадр қызметтері ӘДК-ге медициналық куәландыруға ұзақ емделудің, мамандандырылған емдеу (емдеу-профилактикалық) мекемелер бақылауының немесе медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы бойынша арнайы ұйымдарда тәрбиеленуінің (мектепке дейінгі), (балабақша-интернаттарда ) қажеттілігі туралы және бұл мекемелер құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары орын ауыстыратын жерлерде жоқ екені туралы негізделген медициналық қорытынды болған жағдайларда ғана жібереді.

116. Тиісті емдеу (емдеу-профилактикалық) мекемелерінің, құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының, сондай-ақ түрлі аурулары мен дамуында кемістік бар балаларды емдеуге арналған арнайы емдеу ( емдеу-профилактикалық) мекемелерінің болуы және орны туралы мәліметтерді ӘДК Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктерінен сұрау салу арқылы алады.

119. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын медициналық куәландыру кезінде ӘДК мыналарды:

1) қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке жарамдылық санатын, жарамды деп танылған жағдайда жолдамада көрсетілген ауданда денсаулық жағдайы бойынша қызмет өткеру үшін медициналық қарсы көрсетімдердің барын немесе жоғын;

2) орын ауыстырудың шұғылдығын (1-3 ай ішінде, қысқы немесе жазғы оқу кезеңінің аяқталуы бойынша) анықтайды.

118. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының отбасы мүшелерін медициналық куәландыру кезінде ӘДК мыналарды:

1) жолдамада көрсетілген ауданда денсаулық жағдайы бойынша тұруға медициналық қарсы көрсетімдердің бары немесе жоғын;

2) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамы орын ауыстыратын немесе қызмет өткеретін аудандарда жоқ мамандандырылған емдеу (емдеу-профилактикалық) мекемелерінде ұзақ емделу және бақылауында болу, арнайы білім беру ұйымдарында оқуға, тәрбиеленуге мұқтаждығын;

3) олардың тасымалдануын (ара қашықтыққа және көлік түріне қарамастан ауруды тасымалдау денсаулық жағдайының күрт нашарлауына немесе өлімге әкеп соғуы мүмкін болатындай организм функцияларының бұзылуы тасымалданбайтыны туралы қорытынды қабылдау үшін негіз болады);

4) мамандандырылған медициналық көмек көрсетілуі мүмкін облыс, қаланы;

5) отбасы иесін ауыстырудың шұғылдығын (1-3 ай ішінде, қысқы немесе жазғы оқу кезеңі аяқталғаннан кейін) анықтайды.

119. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының басқа жерге орын ауыстыруына әкеп соғатын ӘДК-нің қорытындысы әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабында тіркеледі, ОӘДК-де бекітуге жататын ауру туралы куәлікпен ресімделеді.

ӘДК қорытындысы осы Нұсқаулыққа 16-қосымшаға сәйкес куәландырылушының амбулаторлық науқастың медициналық картасына ( медициналық кітапшасына) жазылады. Құқық қорғау органдарының қатардағы

және басшы құрамдағы адамдарын немесе олардың отбасы мүшелерін ӘДК-ге жіберген кадр аппаратына, командирге (бастыққа) немесе кадр органына анықтама немесе жоғары тұрған ӘДК бекіткен ауру туралы куәлік беріледі.

Жоғары тұрған ӘДК-нің қорытындысымен бекітілмеген ауру туралы куәлік қандай себептен бекітілмегені жазыла отырып және тиісті нұсқаулармен бірге оны жазған комиссияға қайтарылады.

120. Жоғары тұрған ӘДК көрсетімдер бойынша құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне қорытынды тексеру және медициналық куәландыру жүргізеді.

121. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамын жаңа қызмет орнына ауыстыру қажеттігі немесе оны еліміздің белгілі бір ауданына жібермеу туралы жоғары тұрған ӘДК бекіткен қорытындыны іске асыру құқық қорғау органдарының тиісті бастықтарының, командирлерінің ( бастықтарының) шешімімен жүргізіледі.

## 5-тарау. Қолайсыз ыстық климатты шет елдерге шығатын құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын, олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру

122. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын және олардың отбасы мүшелерін денсаулығы бойынша климаты қолайсыз ыстық шет елдерде қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін медициналық куәландыруды штаттық ӘДК жүргізеді.

Қажет болғанда құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары және олардың отбасы мүшелері ведомстволық медициналық, әскери-медициналық мекемелерде, денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық емделуден кейін куәландырылады.

123. Қолайсыз ыстық климатты шет елдерге шығатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, олардың отбасы мүшелерін хирург, терапевт, невропатолог, офтальмолог, оториноларинголог, стоматолог, дерматовенеролог, психиатр, ал әйелдерді, сонымен қатар, гинеколог куәландырады.

Басқа мамандықтардың дәрігерлері медициналық куәландыруға көрсетімдер бойынша тартылады. 14 жасқа дейінгі балаларды тек педиатр куәландырады.

Куәландырушыларға қан және зәр зерттеулері жүргізіледі, қанның тобы мен резус тиесілігі (тек ішкі істер органдарының, басқа да құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына) анықталады, адамның қорғаныш тапшылығы жұқпасына қан талдауы (белгіленген сертификат беріле отырып) жасалады, кеуде клеткасы органдарының рентгенологиялық зерттеуі (12 жасқа дейінгі балаларға жасалмайды), электрокардиография (қажет

болғанда жүктемелік сынаулармен), қандағы қантты зерттеу, көздің ішкі қан қысымын өлшеу (40 жастан асқан адамдарға), сондай-ақ көрсетімдер бойынша басқа да (рентгенологиялық, зертханалық, аспаптық және өзге) зерттеулер жүргізіледі.

124. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының отбасы мүшелері ӘДК-ге психоневрологиялық, туберкулезге қарсы және тері-венерологиялық диспансерлерден анықтамалар ұсынады. Көрсетілген анықтамаларсыз медициналық куәландыру жүргізілмейді.

125. Медициналық куәландыру кезінде ӘДК қолайсыз ыстық климатты шет елдерге шығатын құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары, олардың отбасы мүшелері үшін уәкілетті орган бекітетін Медициналық қарсы көрсетімдер тізбесін басшылыққа алады.

126. Медициналық куәландыру нәтижелері медициналық куәландыру актісіне , әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабына енгізіледі және қолайсыз ыстық климатты шет елдерге шығатын адамның денсаулығы туралы анықтамамен ресімделеді. Шығу ісіне арналған анықтама екі данада жасалады және куәландырылушыны жіберген кадр аппаратына беріледі.

127. Құқық қорғау органдарының жоғары басшы құрамдағы адамдарына, генералдарының және олардың отбасы мүшелеріне қолайсыз ыстық климатты шет елдердегі қызметке (тұруға) жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы штаттық ӘДК-нің қорытындысы ОӘДК-де бекітуге жатады. ӘДК қорытындысы мұндай жағдайда осы Нұсқаулыққа 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолайсыз ыстық климатты шет елге шығатын адамның денсаулығы туралы анықтамамен 3 данада ресімделеді. Бұл ретте көрсетілген анықтаманың 3 данасы да медициналық куәландыру актісімен және басқа да медициналық сараптама құжаттарымен бірге ОӘДК-ге жіберіледі.

128. Қолайсыз ыстық климатты шет елге шығар алдында іссапарға шығушы адамдардың денсаулық жағдайын нақтылау үшін кадр аппаратының жолдамасы бойынша ведомстволық емдеу-профилактикалық мекеменің терапевт-дәрігері және дәрігер-мамандары медициналық тексеруден өткізеді.

129. Қолайсыз ыстық климатты шет елдерге шығатын құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын және олардың отбасы мүшелерін медициналық куәландыру, сондай-ақ ОӘДК-де жүргізіледі.

130. Қолайсыз ыстық климатты шет елдерге 3 айдан астам мерзімге іссапарға балаларымен шығатын адамдар ӘДК-ге баланы бақылау орны бойынша денсаулық сақтау ұйымынан жасалған профилактикалық егулер мен шығатын күнтізбелік жылда жоспарланған егулер көрсетілген профилактикалық егулер картасын ұсынады.

131. Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы егулер күнтізбесімен

бекітілген мерзімдерде профилактикалық егулер жасалмаған, сондай-ақ медициналық қарсы көрсетімдері бар балаларға қатысты ӘДК қолайсыз ыстық климатты шет елдерде тұруға жарамсыздық туралы қорытынды шығарады.

132. Қолайсыз ыстық климатты шет елдерге шығатын адамға профилактикалық егулер жүргізу тәртібі сол елдегі эпидемиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты анықталады, ол туралы мәліметтер аумақтық денсаулық сақтау органының эпидемиялық бөлімінде әрдайым нақтыланады.

Карантиндік ауруларға қарсы жүргізілген қажетті профилактикалық егулер халықаралық сертификатпен ресімделеді, ол куәландырылушыға беріледі.

Куәландырылушыда карантиндік ауруларға қарсы профилактикалық егулер жүргізуге қарсы көрсетімдер бар болса (сары безгек, тырысқақ және т.б.), ӘДК қолайсыз ыстық климатты шет елдердегі қызметке (тұруға) жарамсыздық туралы қорытынды шығарады.

133. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын медициналық куәландыру нәтижесінде ӘДК мынадай мазмұндағы қорытындылар шығарады:

1) қарсы көрсетімдер болмаған кезде: «Денсаулық жағдайы бойынша қолайсыз ыстық климатты шетелдерге жіберуге қарсы көрсетімдер жоқ»;

2) қарсы көрсетімдер бар болған кезде: «Қолайсыз ыстық климатты шетелдерге жіберуге қарсы көрсетімдер бар».

134. Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, отбасы мүшелерін медициналық куәландыру нәтижесінде ӘДК мына мазмұндағы қорытындылар қабылдайды:

1) қарсы көрсетімдер болмаған кезде: «Денсаулық жағдайы бойынша қолайсыз ыстық климатты шет елдерге тұруға қарсы көрсетімдер жоқ»;

2) қарсы көрсетімдер бар болған кезде: «Қолайсыз ыстық климатты шет елдерде тұруға қарсы көрсетімдер бар».

135. Қатардағы және басшы құрамдағы адамның, оның отбасы мүшелерінің қолайсыз ыстық климатты шет елдерге шығу мүмкіндігі туралы ӘДК қорытындысы медициналық куәландырылған күннен бастап 6 ай ішінде жарамды. Егер көрсетілген мерзім ішінде куәландырылушы шықпаған болса немесе шыққанға дейін медициналық куәландыруға қарамастан, оның денсаулық жағдайында өзгерістер болса, медициналық куәландыру қайтадан өткізілуі тиіс.

136. Қолайсыз ыстық климатты шет елдерден басқа мемлекетке 6 ай мерзімге шығушы құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын, олардың отбасы мүшелерін куәландыруды ведомстволық емдеу-профилактикалық мекемелері, ал штатта қажетті маман болмаған жағдайда шетелге ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді іссапарларға, туристік сапарларға шығатын және медициналық көрсетімдері бойынша шетелден

қызметке жіберілген адамдар мен олардың отбасы мүшелері үшін қажетті мамандар денсаулық сақтау ұйымдарынан тартылады.

## 6-тарау. Медициналық сараптамалық құжаттарды ресімдеу

137. Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу кезінде штаттық ӘДК-де осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес мынадай құжаттар ресімделеді: медициналық куәландыру актісі:

1) құқық қорғау органдарындағы қызметке түсетін адамдарға;

2) одан әрі қызмет өткеруге, бөліністер мен қызмет түрлеріндегі қызметке (нақты лауазымда, мамандығы бойынша) жарамдылығын анықтау кезінде қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға (оның ішінде сырттай куәландырылушыларға);

3) денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерінде және қолайсыз ыстық климатты шет елдерде қызмет өткеру (тұру) мүмкіндігін анықтау үшін жіберілген қатардағы және басшы құрамдағы адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне;

4) арнайы (әскери) оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарына, сондай-ақ академиялық демалыстан кейін куәландырылушыға ресімделеді.

Штаттық емес әскери-дәрігерлік комиссиялар медициналық куәландыру актісін толтырмайды, сарапшы-дәрігерлер зерттеу деректерін науқастың (амбулаторлық) стационарлық медициналық картасына «ӘДК үшін» деген белгімен жазады.

Медициналық куәландыру актісінің паспорттық бөлігін куәландырылушы жеке өзі толтырады және қолымен растайды. Қызмет мерзімдері міндетті түрде оның басталу және аяқталу айын көрсете отырып жазылады. Барлық тармақтардың сұрақтарына жауаптар берілуі және олардың дұрыстығын ӘДК-нің медициналық тіркеушісі тексеруі тиіс.

Медициналық бөлігіне медициналық тіркеуші әскери қызметке жарамдылық санаты туралы әскери билеттегі, тіркеу куәлігіндегі және қызметкердің қызметтік куәлігіндегі барлық жазбаларды (өзгерістерді) енгізеді.

Медициналық куәландыру актісінің медициналық бөлігінің барлық бөлімдерін ӘДК мүшелері - дәрігер-мамандар толтырады. Белгіленген диагнозды негіздейтін толық клиникалық-сараптамалық анамнез, объективті зерттеулердің деректері, қосымша зерттеулердің нәтижелері жазылады.

Медициналық куәландыру актісіне нөмір беріледі, ӘДК қорытындысы отырыстардың хаттамалары кітабында тіркеледі.

138. Құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орнының күндізгі оқыту бөліміне оқуға түсушінің медициналық куәландыру картасын штаттық ӘДК

ресімдейді.

Кестенің тармақтары бойынша жарамсыз деп танылған адамдардың (оның ішінде оқу орындарынан қайтарылғандар) медициналық куәландыру карталары алдын ала медициналық куәландыру жүргізген ӘДК-де 3 жыл бойы сақталады.

139. Әскери-дәрігерлік комиссия отырыстарының хаттамалары кітабын барлық штаттық және штаттық емес ӘДК-де хатшы, ал ол болмаған кезде кез келген комиссия мүшесі:

1) қызметке түсушілер, құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары, олардың отбасы мүшелері, арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары;

2) келісім-шарт бойынша әскери қызметке түсушілер, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері және олардың отбасы мүшелері, арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары, ішкі әскерлердегі әскери жиындарға шақырылған азаматтар;

3) құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсетін құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары және азаматтық жастар қатарындағы адамдар үшін жеке жүргізеді.

ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабы медициналық куәландыру туралы статистикалық есептер құру үшін пайдаланылады.

Әрбір хаттаманың ағымдағы жылдың басынан бастап есептелетін реттік нөмірі, оның ашылған және аяқталған күні болады.

ӘДК хаттамаларының кітабындағы жазбалар толық, белгіленген нысанға сәйкес болуы тиіс. Штаттық емес ӘДК госпитальдік (гарнизондық) ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында «ауру диагноздары және олардың себепті байланысы» бағанында стационарлық (амбулаторлық) науқастың медициналық картасының нөмірін көрсетеді.

Құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарына түсетіндерді ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында алдын ала медициналық куәландыру туралы белгі қойылады, осы жерге кадр аппаратының қызметкерлері куәландырудан кейін карталарды алғаны туралы қол қояды.

Құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының УӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында қысқа жазбалар жүргізуге рұқсат беріледі. УӘДК созылмалы ауруларына және дене кемістігі бойынша оқуға түсуге жарамсыз деп таныған адамдарға қатысты құжатта белгіленген диагноздан басқа кандидатты алдын ала куәландырған ӘДК-нің атауы мен диагнозы көрсетілуі тиіс.

ӘДК отырысының хаттамасына комиссия төрағасы (комиссия отырысын өткізген адам), отырысқа қатысқан комиссияның барлық мүшелері (үшеуден кем емес) және комиссия хатшысы (медициналық тіркеуші) комиссия отырысы күні

қол қояды, елтаңбалы мөрмен бекітіледі, содан кейін хаттама заңды күші бар ресімделген құжат болып табылады.

Құқық қорғау органдарының арнайы (әскери) оқу орындарында хаттамаға комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды.

140. ӘДК-де электрондық есеп әрбір куәландырылушыға (оның ішінде медициналық сараптамалық құжаттар бойынша қаралғанға) жүргізіледі, сондай-ақ ПФЗ, ПФТ-да психофизиологиялық зерттеулердің есебі жүргізіледі.

Барлық қайта жүргізілген зерттеулерде алдыңғы деректер толықтырылады.

141. Ауру туралы куәлік бейбіт уақытта құқық қорғау органдары арнайы ( әскери) оқу орындарының УӘДК-ден басқа барлық ӘДК-де әскери есептен шығара отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылғандарға, бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында екінші дәрежелі шектеулі жарамды , климаттық жағдайлары қолайсыз жерлерде қызмет өткеруге (тұруға) жарамсыз, мамандандырылған емдеу мекемелерінде ұзақ уақыт (1 жылдан астам) емделу, бақылауында болу, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқу немесе тәрбиелеу, арнайы мекемелерде тәрбиелену қажет болған жағдайда (тек отбасы мүшелері үшін), сондай-ақ егер ӘДК қорытындысын іске асыру құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамының жаңа қызмет орнына ауысуына әкеп соқса, олар тасымалданылмайтын жағдайларда:

1) құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына;

2) әскери қызметшілер мен ішкі әскерлерде әскери жиындардан өтуші адамдарға;

3) құқық қорғау органдары арнайы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына;

4) келісім-шарт бойынша қызмет өткеруші құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, отбасы мүшелеріне ресімделеді.

Соғыс уақытында ауру туралы куәлік әскери қызметке жарамсыз, екінші дәрежелі шектеулі жарамды, әскери қызметке жарамсыз деп танылған құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына, ІІМ-нің ІӘ және ӨТБ әскери қызметшілеріне 6-12 айдан кейін қайта куәландырыла отырып, ресімделеді.

Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына штаттық емес ӘДК-де толтырылатын ауру туралы куәлік жоғары тұрған ӘДК-де бекітуге жатады. Жоғары басшы құрамдағы адамдар мен генералдарға, әскери қызметте болудың белгіленген мерзімін өткермеген ішкі әскерлердің офицерлеріне және бөлімнен өз бетімен кетіп қалған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге куәлік ОӘДК-де бекітуге жатады.

Ауру туралы куәліктерді бейбіт уақытта штаттық ӘДК 4 данада, штаттық

емес ӘДК 5 данада (5-ші данасы штаттық емес ӘДК-нің қорытындысын бекіткен ӘДК-де қалады) толтырылады. Ауру туралы куәліктің үш данасы медициналық куәландыру актісінің титул парағына қол қойдыра отырып, тиісті кадр аппаратына (1 данасы жеке іске, 2-данасы зейнеткерлік іске, 3-данасы тұрғылықты жері бойынша әскери комиссариаттың әскери жеке ісіне тігу үшін) беріледі, төртінші данасы ӘДК-нің медициналық куәландыру актісінде қалдырылады.

Соғыс уақытында ауру туралы куәліктер 3 данада жасалады.

Ауру туралы куәлік куәландырылушының қолына берілмейді. Психикалық аурулары, қатерлі ісік аурулары, соз аурулары бар, АҚТЖ, ЖТҚТ жұқтырған адамдарға толтырылған ауру туралы куәліктердің әр данасының ішкі жағындағы жоғарғы жағында мынадай мазмұндағы мөртаңба қойылады: «көшірмесін түсіруге, қолға беруге, мәліметтерді таратуға тыйым салынады».

Көрсетілген ауру туралы куәліктерден көшірмелер немесе телнұсқалар тек олар жоғалған жағдайларда ғана құқық қорғау органдарының, медициналық мекемелердің, халықты әлеуметтік қорғау органдарының, ҚІД, ҚІБ, ҚІб сұрау салуы бойынша бір данада беріледі.

Ауру туралы куәлікте ӘДК ресімдеген жарамдылық санаты туралы қорытынды 6 ай ішінде жарамды. Егер қорытынды мерзім ішінде іске асырылмаса немесе қызмет өткеруін жалғастырып жүрген куәландырылушының денсаулық жағдайында елеулі өзгерістер болса, куәландыру қайтадан жүргізіледі .

Ауру туралы куәлікте куәландыру барысында анықталған барлық ауруларға қатысты міндетті түрде аурудың себепті байланысы туралы қаулы шығарылады, әртүрлі тұжырымдар болған жағдайда бөлек шығарылады. Мертігулердің зардаптары бойынша ӘДК-ге анықтама не денсаулығына зиян келтіру фактісі мен оның мән-жағдайлары туралы қызметтік тергеу қорытындылары ұсынылуы тиіс, бұл ретте ауру туралы куәлікте себепті байланыс туралы тиісті тұжырымнан кейін құжаттың сақталу орны көрсетіле отырып, толтырылған күні мен нөмірі жазылады (№ істе, медициналық куәландыру актісінде және т.б.).

Жарамдылық санаты туралы қорытындыны және аурудың, мертігудің, ( жараланудың, жарақаттардың, контузиялардың) себепті байланысы туралы қорытындыны бекіту үшін жоғары тұрған ӘДК-нің қарауына жататын ауру туралы куәліктер тиісті комиссияларға ӘДК отырыстарының хаттамалары кітабында тіркелген сәттен бастап 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде медициналық куәландыру актісімен және анықталған ауруларды сипаттайтын медициналық сараптама құжаттарымен бірге жіберіледі.

Ауру туралы куәліктерді толтыруда латын белгілерін пайдалануға, жалпы қабылданғандардан басқа терминдер мен сөздерді қысқартуға тыйым салынады.

Ауру туралы куәлікте түсінік берілмеген түзетулерге рұқсат етілмейді.

142. Медициналық куәландыру туралы анықтама медициналық куәландыру нәтижелері бойынша барлық жағдайларда:

1) ӘДК бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды, соғыс уақытында бірінші дәрежелі шектеулі жарамды, әскери қызметке жарамды, нақты лауазымда, мамандықта қызметке жарамды деп таныған құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына;

2) құқық қорғау органдарындағы қызметке түсетіндерге;

